



«Әрбір мәселе
шешімін табады»



2-бет

Тұрақтылық
өрлеуге бастайды



4-бет

Кубок күштіге
бұйырады



8-бет

Қайтқан активте қайыр бар

Заңсыз иемденілген активтерді елімізге қайтару – Үкіметтің әлеуметтік нысандарға инвестиция салудың экономикалық тәсілі ғана емес, бұл, сонымен бірге, әділдікті қалпына келтірудің бір жолы деуге болады. Қайтарылған активтер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен әлеуметтік сала әлеуетін арттыру үшін қосымша қаражат көзі ретінде қолданылуда. Бір кездері мемлекеттің бақылауынан шығарылған осы қаражат арқылы бүгінде мектептер мен ауруханалар салынып, су жүйелері тартылып, сондай-ақ, өңірлерге қолдау көрсету сынды қоғам алдындағы міндеттер шешіліп жатыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстаннан заңсыз жолмен шығарылған активтерді мемлекет меншігіне қайтару мақсатында 2023 жылдың 12 шілдесінде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң қабылданды. Оның ережелерін іске асыру үшін басқарушы компания – «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС құрылып, оған мемлекеттің еншісіндегі активтерді қабылдау, сақтау және сату міндеттері жүктелгенін айта кеткен орынды.

Жалпы сомасы 318,1 млрд теңге болатын Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты ел бойынша 406 әлеуметтік маңыздағы жо-



баны қаржыландыруға бағытталды. Қаржыландырудың негізгі көлемі – 160,6 млрд теңгесі сумен жабдықтау (бұл бағытта 230 жоба) және денсаулық сақтау саласына жұмсалды. Мұнда 100,4 млрд теңгеге 162 жоба қолға алынған. Сондай-ақ, білім беру саласы бойынша он жабаға 24 млрд теңге, спорт саласындағы төрт жобаға 33,1 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда Қарағанды облысында сумен жабдықтау бағытындағы – 11, денсаулық сақтау саласындағы 51 жоба қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылуда.


Үкімет Қарағанды облысында 51 медициналық мекеменің құрылыс жұмыстарын аяқтауға Арнаулы мемлекеттік қордан 5,9 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Нысандар «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынууда. Оларды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Шет, Ақтоғай, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра және Осакаров аудандарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар, сондай-ақ, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер салынады.

Оларды жүзеге асыру шалғайдағы елді мекендердің тұрғындары үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Медициналық қызметке қолжетімділік, профилактикалық жұмыстары, ерте диагностика, сондай-ақ, төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету мүмкіндігі ұлғаяды.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елде 655 медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар сынды нысандардың құрылысы

ПРЕЗИДЕНТ
РЕФОРМАСЫ



ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

жоспарланған. Бүгінгі таңда 480 нысанның құрылысы аяқталды. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек нысандарын салуға және ауруханаларды реконструкциялауға қаражат республикалық бюджеттен бөлінеді, сонымен қатар, Арнаулы мемлекеттік қордан да қаржы қарастырылған.

Сумен жабдықтау жұмыстары Президенттің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында және Премьер-Министр Олжас Бектеновтің 2024 жылғы 11 маусымда өткен Үкімет отырысында берген тапсырмаларын жүзеге асыруға бағытталған. Оған сәйкес барлық деңгейдегі әкімдіктер 2025 жылдың соңына дейін халықты 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуі тиіс.

Аталған тапсырмаларды орындау шеңберінде Қарағанды қаласының әкімдігі халықты толықтай ауыз сумен қамту мақсатында жаңа су құбыры желілерін салу жобаларын әзірледі. Атап айтқанда, оның ішінде Старая Тихоновка кентінде ұзындығы 4,3 шақырым болатын су құбыры желілерінің құрылысы қарастырылған. Диаметрі 25 мм-ден 160 мм-ге дейінгі құбырлар қолданыста. Жобаны қаржыландыру облыстық бюджет есебінен және мемлекетке қайтарылған активтер арқылы жүзеге асырылуда.

➤ 3-бет

• РЕСМИ

Жеңілдік тоқтайды

Қала ішіндегі қоғамдық көліктерде жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, мектеп оқушылары тегін қатынайтын еді. Оқу жылының аяқталуына байланысты атаулы жеңілдіктер тоқтатылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыркүйек айы жақындаған сайын қала көшелерінде студенттер көбейеді. Бірі университетке, бірі колледжге бір бума құжат жинап жүреді. Енді біреулері баспана іздейді. Әсіресе, білім ордаларына апаратын автобустар жас өрендерге лық толады. Білім іздеген жастарға жеңіл болсын деп, қала әкімшілігі автопарктармен келісім жасасқан еді. Жеңілдіктер қыркүйек айынан басталған.

Жеңілдіктер 30 маусымнан бастап тоқтатылды. Арнайы жеңілдіктерге тіркелген «ONAY!» қосымшасының карталары автоматты түрде бұғатталды.

Жеңілдікті қыркүйек айында, яғни, оқу жылы басталғанда қалпына келтіруге болады. Қалпына келтіру үшін жеке куәлік пен оқу орнынан анықтама алып, «ONAY!» қызмет көрсету орталығына бару – шарт.

Қарағанды – кино алаңы

Шамамен алғанда кейінгі бес жылда отандық кино басқа деңгейге көтерілді. Содан шығар, осы маңызды сала туралы жиі-жиі әңгіме қозғала бастады. Арасында өткір сын да, мақтау да бар. Ұлттық мәселелер көтерілетін Ұлттық Құрылтай мінберінде Президент тарапынан айтылуы да тегін емес. Күлдіретін комедиядан бастап, ой салар туындылар легімен кинотеатрларға шығарылып жатыр. Сапасыз, сапалысы болсын, әйтеуір, қарқынды қозғалыс бар. Талантты режиссерлер мен актерлер де көбейіп келеді. Осы уақытқа дейін отандық кино десе, ойымызға бірден Алматы қаласы келетін. Себебі, «Қазақ фильм» сол шаһарда. Яғни, ошағы сонда. Енді, алдағы уақытта Қарағанды да кино орталығына айналмақ. Кеншілер астанасында «Ортау» шығармашылық орталығы ашылды. Орталықтың жобалары мен жоспарлары ауқымды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда осы уақытқа дейін кино түсірілмеді десек, бұнымыз бекер. 20 жыл ішінде әуесқойлық деңгейде түсірілген туындылар баршылық.

Аймағымызға белгілі режиссер Қаршыға Иген өңір көрермендеріне он шақты



туындысын ұсынып үлгерді. «Пеш», «Бұрылтай», «Кілт», «Кешікпе», «Қара пима», «Ғұмыр өтер», «Әдемі келіншек», «Наурызым», «Адақсан әйел», «Блогер келін», «Тұзақ», «Хабарлама», «Бетпе-бет» секілді туындылары бар. Фильмдердің түсіріліміне облыстық «SARYARQA» телеарнасы тікелей қолдау көрсеткен. Осы тұста бірнеше маңызды мәселені атап өткен жөн. Фильмдерді тамашалап отырып,

өңірде киноактерлер толқыны қалыптаспағанын аңдайсыз. Содан соң шығармашылық топта қаржылай тапшылық бар. Қаршыға Иген осы фильмдерге актерлер тегін түскенін және түсірілім алаңында бірде-бір кино түсіретін кәсіби жарық қоюшы мен оператордың болмағанын айтқан. Басты рөлдерді Сәкен театрының актерлері сомдады. Органкоп кинолар деп айтудан аулақпыз. Дегенмен, Қаршыға

Иген қолда барды ұқсата білген. Қалай дегенмен де, келешекте Арқада кино саласы өркендесе, негізін қалаушылардың қатарында болары анық.

«Armanfilms» киностудиясы да 2015 жылдан бері кино түсіріп келеді. Режиссері және жобаның авторы – «Ортау» орталығының іргесін қалап отырған Арман Әлімжанов. Осы уақытқа дейін «Көмекші әулие», «Өмір құны», «Первая волна»,

«Пробуждение», «Яма», «Аңшы», «Не открывай», «Ошибки» атты туындыларды жарыққа шығарған режиссер. Қаламызда «Startkino» деп аталатын қоғамдық бірлестік те бар. Қоғамдық бірлестіктің міндеті – кинематография саласындағы дарындардың құқықтарын қорғау және шығармашылықтарын дамыту. Төрағасы – Арман Әлімжанов.

➤ 8-бет

«Әрбір мәселе шешімін табады»

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың кезекті жеке қабылдауына тұрғындар ауаларды абаттандырудан бастап, шағын бизнесті дамытуға дейінгі түрлі өтініштермен келді. Бірқатар сұрақтарға қарағандылықтар бірден жауаптар мен түсініктемелер алды. Шешімі уақыт талап ететін сұрақтар бойынша тапсырмалар беріліп, жеке бақылауға алынды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды тұрғындарының бірі әкімге үй тұрғындарының атынан жүгінді. Оның айтуынша, көпқабатты үйдің қасбетін бояу мәселесі бұрыннан айтылып келеді, бірақ, тұрғындар – зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдар болғандықтан оны өз есебінен шеше алмайды.



– Қасбет бұрыннан жаңартуды қажет етеді. Өз есебімізден бояуға мүмкіндігіміз жоқ, – деді тұрғын.

Ермағанбет Бөлекпаев аудан әкіміне жергілікті жерге барып, шығындар сметасын жасап, келесі

жылға бюджеттік қаржыландыру мәселесін пысықтауды тапсырды. Ол қасбетті шатырмен бірге жөндеу қажеттігін атап өтті.

Басқа өтініштердің қатарында қоғамдық кеңістікті абаттандыру



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мәселелері де бар. Қарағандының тағы бір тұрғыны үйдің жанындағы жаяу жүргіншілер аймағының жағдайына алаңдайтынын білдірді. Бұл мәселе бойынша аймақ басшысы Әлихан Бөйкехан атындағы аудан әкіміне жеке тапсырма берді.

Тағы бір қарағандылық саяжай алабында орналасқан үйді электрмен жабдықтау мәселесін көтерді. Әйел адам қуат арттыруға рұқсат беруді өтінді, себебі қазіргі қолданыстағы кернеу жеткіліксіз. Осы жағдай бойынша облыс әкімі жауапты қызметтерге өтінішті қолданыстағы заңнама шеңберінде қарауды тапсырды.

– Әрбір мәселе жеке көзқарасты талап етеді, бірақ, олардың барлығы белгіленген мерзімде қаралып, шешімін табады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ауылды қолдау – болашақты қолдау



Абай ауданында жаңа жылыжай, наубайхана және инвентарі іске қосылды. «Ауыл аманаты» ауыл бизнесін дамытуға қолдау бағдарламасын қаржыландырудың арқасында іске асты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді Абай ауданының Қойбас ауылының тұрғындары жыл бойы жергілікті қияр мен қызанақ сатып ала алады. Көкөністер «Қойбас өнімдері» жылыжайында өсіріледі. Жылыжайдың ауданы – 200 шаршы метр. Көкөністерді өсірумен жалдамалы жұмысшылар айналысады.

Ал, Топар ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасының арқасында инвентарі іске қосылды. Алынған ақшаға кәсіпкер арнайы автокөлік сатып алған, онда мүгедектер арбасына таңылған адамдарды тасымалдау ыңғайлы. Ол ауылда тұратын ерекше мұқтаж адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Абайда «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша қаржыландыру есебінен жаңа наубайхана ашылды. Кәсіпкер Вадим Аничкин алған қаржысына пештер, бөлектену шкафы

тары, бөлшектеу үстелдері мен мұздатқыш камералар сатып алды. Қазір наубайхана күн сайын мың нан шығарады. Онда төрт жалдамалы қызметкер жұмыс істейді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының арқасында ашылған Сәрепті ауылының тігін цехында жеке тапсырыс бойынша киім тігіледі. Ал, Жаманжол ауылындағы сүт фермасына ауыл бизнесін қолдау бағдарламасы бойынша қаржыландыру есебінен жаңа трактор сатып алынды. Енді фермер өзінің жемшөп базасын жасай алады. Бұл өз кезегінде түпкі тұтынушы үшін сүт пен ет бағасының өсуін тежеуге алып келуі тиіс.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл шаруашылығын дамытуға ғана емес, ауылдарда заманауи кафелер ашуға, дүкендер ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Суреттер облыс әкімдігі сайтынан



• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Туристік инфрақұрылым жақсарады

Балқашта алғаш рет инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынды. Осылайша ескі коммуналдық мәселелер шешімін тапты. Екі жыл ішінде қалада 80 шақырымнан астам коммуналдық желілер, сорғы станциялары жаңартылып, ескі кәріз коллекторы қайта жаңғыртылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз жылу және су құбыры желілерінің тозуын едәуір төмендеттік. Бұл апаттар санын азайтты, – деп атап өтті Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Қала басшысының сөзіне сүйенсек, магистральдық жүйелер мен орамшылдық желілерді қалпына келтіруді қоса алғанда 32 шақырым жылу трассасы жөндеді. Быыл тағы 24 шақырымды жаңарту жоспарланған, оның үштен бірі ауыстырылды. Сондай-ақ, 44 шақырым су құбыры желісі жаңартылды. Қазір тағы 23 шақырымды ауыстыру жүріп жатыр, жобаны келесі жылы аяқтау жоспарланған. Басты сорғы станциясы жаңғыртылып, трансформаторлар ауысты. Бұл өнімділікті арттырып, энергия шығынын қысқартуға мүмкіндік берді.

– Өткен жылы облыстық бюджеттің қолдауымен кәріз коллекторын қайта жөндеуден өткізіп, жеті шақырымнан астам желіні жаңарттық. Жылдар бойы шешілмей келе жатқан су буру жүйесіне қатысты мәселелер шешілуі тиіс. Жұмыстар жалғасады, – деп атап өтті Сапар Сатаев.

Оның айтуынша өткен жылдың өзінде 17 шақырым желі мен тоғыз трансформатор жөндеді. Быыл тағы 12 шақырым желі жаңартылып, сегіз трансформатор ауыстырылды. Инженерлік жұмыстар аяқталған жерлерде жолдар да ретке келтірілуде. Он көшеде 16 шақырым жол жөндемек. Шілауыз ауданында орташа жөндеу жұмыстары басталып, асфальт-бетон жабынның бірінші қабаты төселді.



Сондай-ақ, бүгінде қалада коммуникациядан басқа, ауалар ретке келтіріліп, жаңа аялдамалар салынууда. Быыл 11 аула жаңартылып, 94 үйдің шатыры мен қасбеті жөнделеді. Қоқысқа арналған жаңа контейнерлер мен қалдықтарды жинауға арналған қолайлы алаңдар пайда болды.

Қаланы жөндеу жұмыстарынан басқа жаңа жасыл желектер де безендірілуде. Қазірдің өзінде 6200 ағаш егілді. Барлық учаскелер автосуару жүйесіне қосылды. Мердігер өзіне үш жылға көшеттерді күту бойынша кепілді міндеттемелер алды.

– Қазір қала тұрғындары мен туристер үшін ауқымды жұмыстарға байланысты ыңғайсыздық туындағанын түсінеміз. Бірақ, бұл сумен және жылумен байланысты мәселелерді түбе-

гейлі шешу үшін қажет. Бұл орайда аздап шыдамдылық танытуды сұраймыз.

Қалаға келетін қонақтар үшін әуежайды қайта жаңарту жалғасып, ұшу залдары кеңейтіледі. Бұл ретте ғимараттың тарихи келбеті сақталады. Жаңғыртудан кейін әуежайдың адамдарды өткізу мүмкіндігі 30%-ға артады, ұшу географиясы кеңейеді. Қазіргі таңда теміржол вокзалының ғимараты жаңартылды. Жалпы алғанда туристік инфрақұрылым жақсаруда, – дейді Балқаш қаласының әкімі.

Қазіргі таңда Балқашта жағажай мен қалалық жағажай қалпына келтірілуде. Бұдан басқа, орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету үшін Торанғылық және Шұбартүбек туристік ауылдарында Балқаш-Торанғылық магистральды су құбырының құрылысы жүріп жатыр.

• ЭКОНОМИКА

Өндіріс пен ғылым тоғысты

«Қазақмыс» корпорациясы Қарағандыда тау-кен металлургияға бағытталған алаң – R&D-орталығын іске қосты. Жоба оңтайлы шешімдер әзірлеп, оны қолданысқа енгізуге арналған. «Каз-ГидроМед» компаниясының базасында құрылған орталық кен мен өндірістік қалдықтардың физико-химиялық қасиетін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақстанда сирек кездесетін құралдармен жабдықталған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми орталықтың негізгі міндеті – кен мен өндірістік қалдықтардың физикалық-химиялық қасиеттерін терең зерттеу. Осы орайда өндірістің тиімділігін арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл бағытта заманауи зертханалық құрылғылармен жабдықталған минералогия, химиялық талдау, гидрометаллургия зертханалары мен шағын байыту фабрикасы жұмыс істейтін болады.

Орталықтың тұсаукесеріне Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ, ірі тау-кен өндіруші компаниялар мен зерттеу институттары-

ның өкілдері қатысты. Ғалымдар минералогия, химиялық талдау, гидрометаллургия зертханаларымен, сондай-ақ, шағын байыту фабрикасымен танысты.

Өнеркәсіп министрлігінің өкілдері орталықтың қызметін кеңейту бастамасын көтеріп, полиметалл мен сирек кездесетін жер элементтерін зерттеуді ұсынды. «Қазақмыс» өкілдері алаңның жаңа бастамаларды дамытуға арналған салааралық ғылыми-технологиялық хаб ретінде жетілдіруге дайын екенін мәлімдеді.

Айта кеткен жөн, R&D-хаб «Қазақмыс» компаниясы мен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп өткізген хакатон сериясының жалғасы ретінде құрылды. Алғашқы хакатон

Жезқазғанда ұйымдастырылды. Ал, 2024 жылғы қарашада орталықтың тұжырымдамасы Премьер-Министрдің қатысуымен өткен Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның отырысында таныстырылып, мақұлданды.

Деректерге сүйенсек, «Қазақмыс» корпорациясы соңғы бес жылда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) 25 млрд теңгеден астам қаржы бөлген. Қонғания Ақмолда ауданындағы ғылыми-технологиялық хакатонға бастамашы болып, табысты өткізді. Форум қорытындысы бойынша тау-кен технологияларымен, экологиямен, байытумен және өнеркәсіптік цифрландырумен ұштасқан өндірістік мәселелерді шешуді көздейтін 4 негізгі



жоба іріктелді.

Быыл Қарағандыда өткен екінші хакатонда мыс кенін сілтесіздендіру технологиясы талқыланды. Наурыз айында «Каз-ГидроМед» алаңында болашақ орталықтың техникалық таныстырылымы өтті. Қазіргі таңда орталық жер астында және жер үстінде

сілтесіздендіру технологиясы, өндіру мен өңдеуді оңтайландыру, кенеусіз кен мен қалдықтан металл алу, экологиялық шешімдер және цифрландыруға басымдық берді.

Орталық хакатонда іріктелген идеяларды қолданбалы зерттеуге, сынақтан өткізуге және жаңа

өндірістік шешім енгізуге арналған алаңға айналады. Негізгі бағыттардың бірі ретінде металл алу тиімділігін арттыруға және халықаралық серіктес тартуға басымдық беріледі.

«Қазақмыс» өкілдері Қазақстанның тау-кен өндіруші компаниялары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарын жобаға қосылуға шақырады. Бұл орайда ұйымдар кенді сілтесіздендіру мен өңдеу саласына технология әзірлеу мен енгізу шарасында басты платформаға айналуы мүмкін.

Мамандардың айтуынша, Қарағандыдағы бұл ғылыми-технологиялық орталық – Қазақстанның тау-кен металлургия саласының түргенде қолдауға бағытталған маңызды бастама. Ол өндірістік тиімділікті арттырумен қатар, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруға ықпал етеді.

Сурет компаниядан

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Көлік сапасында мін жоқ

Қоғамдық көлік – әр тұрғынның күнделікті тіршілігін жеңілдетіп тұрған басты құрал. Әсіресе, өндірісі өркендеген, қала мен қала маңы тығыз орналасқан Қарағанды облысы үшін автобус жүйесінің үздіксіз әрі сапалы жұмыс істеуі аса маңызды. Соңғы жылдары өңірде бұл бағытта біршама жұмыс қолға алынып, тасымалдау сапасын жақсарту жолында кешенді шаралар атқарылуда. Дегенмен, мұның барлығы – мол қаржыны талап ететін үдеріс. Енді, сол саланың бейнетін тартқан тасымалдаушылар мен жергілікті билік өкілдері жолақы тарифін қайта қарауға мәжбүр. Ал, ең басты себеп – жанармай бағасының қымбаттауы. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қоғамдық көлікке қатысты бірнеше нысанды аралап, автобустардың қазіргі жай-күйімен және жаңалықтарымен танысып қайтты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа 70 көлік құралы жолға шығады

Қарағанды қаласында жолаушылар тасымалын жеті ірі тасымалдаушы ұйым жүзеге асырады. Олар бүгінде 48 қалалық және 48 қала маңындағы маршрут бойынша жүреді. Күн сайын облыс орталығының көшелеріне 460-қа жуық автобус шығады. Бұл – жоспарланған көрсеткіштің 90 пайызы. Автопаркты жаңарту бағытындағы жұмыстар 2019 жылдан бері тұрақты түрде жүргізілуде. Күні бүгінге дейін тасымалдаушылар 300-ден астам жаңа автобус сатып алыпты. Ал, биыл жыл соңына дейін тағы 70 көлік құралын сатып алу жоспарда бар.

– Өздеріңіз білесіздер, қазіргі тариф – 200 теңге. Бұл баға былтыр бекітілген болатын. Алайда, биылғы жағдай мүлде басқа. Жанармай бағасы сәуірден бері 30 теңгеге қымбаттады. Сонымен қатар, тасымалдау сапасын арттыру мақсатында жаңа автобустар сатып алынып, бұрын жабылған маршруттар қайта жандана бастады. Бұл – бюджетке де, тасымалдаушы мекемелерге де салмақ. Сондықтан, тарифті қайта қарау күн тәртібіне қойылып отыр, – деді Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық ша-

руашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жолаушылар көлігі секторының менгерушісі Темірлан Талдыбаев.

Егер ұсыныс қолдау тапса, тариф Алматы қаласындағы бағамен теңеседі. Яғни, жол ақысы 250 теңгеге дейін көтерілуі бек мүмкін.

Қарағанды қаласындағы ең ірі автопарктердің бірі – «№1 таксокомбинат». Қалалық бағыттардың бірқатарын қамтамасыз етіп отырған кәсіпорын соңғы жылдары ауқымды жаңғырту жұмыстарын қолға алған. Қазіргі таңда қолданыстағы көліктердің 70 пайызы жаңартылыпты.

– Қазіргі таңда біздің иелігімізде 115 автобус бар. Оның ішінде 64-і – жаңа үлгідегі Yutong маркалы техника. Біз №1, 7, 13, 28, 30 және 31 бағыттағы автобуспен жолаушыларды тасымалдаймыз. Алдағы жоспарымыз – автопаркті тағы 20 жаңа автобуспен толықтыру. Жаңа техника лизингтік жүйе арқылы жергілікті өндірушілерден сатып алынады. Сонымен қатар, кәсіпорында ауқымды жаңғырту жұмыстары басталып кетті. Барлық құрылыс алаңдары іске қосылған. Ал, кадр мәселесіне келсек, жүргізуші мамандар әлі де жеткіліксіз. Дегенмен, бүгінгі күні штаттық құрам жартылай толықты. Келешекте автоматты автокөлік жуу жүйесін орнатуды жоспарлап отырмыз, – дейді «№1

таксокомбинат» ЖШС директоры Алексей Пен.

№3 автопаркте үлкен өзгеріс

Қарағандыдағы тағы бір ірі нысан – №3 автопарк. Бұл автопарк нысаны да толық жаңартылуда.

– Автопарктің төрт филиалы бар. Барлық филиалдардың автобусы осы жерде техникалық қызметтен өтеді. Біз автопаркті жаңғыртуды 2011 жылдан бастадық. 2019 жылы 75 жаңа Yutong маркалы автобусын, 2022 жылы жергілікті өндірістен 50-ге жуық автобус сатып алдық. Бұл – қоғамдық көлік сапасын арттыру жолындағы жоспарлы әрі жүйелі жұмыс. Енді биыл тағы 75 жаңа автобусы сатып алуды көздеуде. Осылайша, автопарктегі барлық автобустарды толық жаңартуды жоспарда. Жаңа модельдер кең, әрі техникалық, экологиялық талаптарға толық сай, – деді «№3 Автобус паркі» ЖШС директоры Артур Григорян.

Кәсіпорында тек техникалық база ғана емес, жүргізушілерге арналған әлеуметтік инфрақұрылымды да дамытуды ұмытпаған. Бүгінде мұнда спортзал, үстел ойындарына арналған бөлме, тіпті, бассейні бар демалыс аймағы жұмыс істеп тұр. Автопарк директоры «Жүргізушілер



Коллаж жасаған Айбек Рахмонов

демалыс күндері кешенге отбасымен келіп, тынығуына болады» дейді.

Түйін

Бүгінде Қарағанды қаласындағы қоғамдық көлік саласын қолдау мақсатында жергілікті бюджеттен тұрақты түрде субсидия бөлінеді. Бұл – тасымалдаушы-

лар, жолаушылар үшін де маңызды әлеуметтік қолдау. Әсіресе, соңғы жылдары енгізілген электронды төлем жүйесі саладағы ашықтықты арттырып, есеп мәселесін айтарлықтай жеңілдеткен. Әрі әкімдік пен тасымалдаушы компанияның нақты жолаушы ағынын бақылауына мүмкіндік берген. Ал, бұл артық құжат айна-

лымын қысқартқан.

Сала мамандары кейбір бағыт бойынша жол ақысын төлемейтіндердің өлі де кездесетінін баса айтты. Осы мәселеге ерекше тоқталып, қоғамдық мәдениет пен жауапкершілікке шақырды. Ал, жолаушылар мен тасымалдаушылар арасындағы құрмет – баршаға ортақ жауапкершілік.

Қайтқан активте қайыр бар



Сурет шыққ. дереккөзінен

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атқарылып жатқан жұмыстар үнемі бақылауда. Мониторинг аясында Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасы қызметкерлері тұрақты түрде тексерістер ұйымдастырады. Мәселен, өткен айдың ортасында болған кезекті тексеріс кезінде прокуратура өкілдері құрылыс-монтаж жұмыстарының барысымен танысып, нәтижесінде ұсыныстар мен ескертулер берген болатын. Старая Тихоновка кентін орталаықтандырылған сумен қамтамасыз ету мәселесі Қарағанды қаласы әкімдігі мен Ә.Бөкейхан ауданы прокуратурасының тұрақты бақылауында. Жобалардың барлығы жоспар бойынша жыл соңына дейін аяқталуы тиіс.

Сумен жабдықтау жобалары ел бойынша он облыста қолға алынған. Оның аясында 2,6 шақырым су құбырлары салынып, 468 елдімекен сумен қамтылады. Бұл сол өңірлердің 1,3 миллион тұрғынын ауыз сумен толық көлемде қамтуға

мүмкіндік береді.

Жалпы, Қаржы министрлігінің дерегіне, 27 маусымдағы мәліметке сәйкес Арнаулы мемлекеттік қорда жинақталған ақша 103,4 млрд теңгеге жеткен. Бұл ретте жиынтық түсімдердің көлемі 433,3 млрд теңгеге, ал, шығыстардың сомасы 329,9 млрд теңгеге ұлғайды.

Қайтарылған активтер қаражат түрінде ғана емес, жылжымайтын мүлік, бағалы тарихи-мәдени жәдігерлер түрінде де тіркелуде. Мәселен, қазірдің өзінде 34 млрд теңге сомаға 48 актив сатылды. Ал, тарихи-мәдени маңызы бар құнды нысандар атап айтқанда, ерте темір дәуірі мен орта ғасырлардағы жәдігерлер ғылыми зерттеулер үшін Ұлттық музейдің тұрақты коллекциясына берілді.

Қайтарылған активтер арқылы халықтың өмірін жақсартатын жобаларға басымдық беріледі. Мемлекеттің қаражатын нақты пайдалану әлеуметтік жағдайды жақсартумен бірге, елдің ұзақмерзімді дамуына жол ашады.

• КӘСІПКЕРЛІК

Аграрлар қолдаусыз қалмайды

Аймақ кәсіпкерлері мен аграрлық сала қызметкерлері қаржыландыруға қолжетімділік, цифрландыру және қолдау шараларын талқылады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлер палатасының алаңында агроөнеркәсіптік кешен бойынша салалық кеңестің отырысы өтті. Жиын барысында ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері, жаңа қаржы құралдары, субсидиялау проблемалары және жабайы жануарлардың миграциясының егінге әсері талқыланды.

Кеңес төрағасы Игорь Жабяк отырыста бизнес, мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтті. «Даму» қорының аймақтық филиалының бас менеджері Құралай Әбділна бизнеске көрсетілетін қолдау шаралары туралы егжей-тегжейлі баяндады. Оның айтуынша, «Кепілдік қоры – 1» бағдарламасы кепіл жеткіліксіз болған жағдайда

соманың 85%-ына дейін өтеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда бағдарлама екінші деңгейлі бірқатар банктерде қолжетімді.

Сондай-ақ, жақын арада 12,3% (әлеуметтік жобалар үшін – 11,3%) жылдық мөлшерлемен 200 млн теңгеге дейінгі несиелерді субсидиялау басталады деп күтілуде.

Жиында облыстың «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалы директорының орынбасары Дәурен Меллятов агроөнеркәсіпкерлерге өтінім беруге арналған онлайн-платформаның іске қосылатынын хабарлады. Жаңа цифрлық сервис аграршыларға құжаттарды онлайн тапсырып, өтінімдерді қашықтан рәсімдеуге мүмкіндік береді. Платформаның толық іске қосылуы 15 шілдеде.

– Агробизнес өкілдері жиында несие мөлшерлемесінің жоғары екеніне алаңдаушылық білдірді. Қатысушылардың айтуынша, 22%-ға дейінгі қолданыстағы мөлшерлемелер инвестициялық жобаларды дамытуға мүмкіндік бермейді. Бұл орайда шағын және орта шаруашылықтар қолдау бағдарламаларынан тыс қа-

лып отыр, ал, ірі агроқұрылымдар жеңілдетілген жағдайларға қол жеткізе алады. Бұл салада әлеуметтік теңсіздік туғызып отыр, – деді «QAR-AGRO QOLDAU» ЖК басшысы Балғат Жұмкин.

Қатысушылар осы мәселе төңірегінде басым салалар тізімін кеңейтіп, ет және сүт өнімдерін қайта өңдеуді енгізуді ұсынды. Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін жеңілдетілген қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруды негізге алу жөнінде пікірлер болды.

Кеңесте талқыланған маңызды мәселелердің бірі – киіктер көшінен келген залал. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, бүгінде облыс аумағында 30 мың гектардан астам егістік зақымданған.

– Фермерлер шығынға ұшырауда. Бірақ, өтемақы төлеудің нақты механизмі жоқ. Сақтандыру компаниялары бұл жағдайды сақтандыру оқиғасы ретінде мойындамайды, ал, бюджет қаражаты жеткіліксіз, – деді басқарма басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Осы мәселе төңірегінде облыс-

тық штаб құрылып, фото және бейнематериалдар жиналып, актілер рәсімделуде. Алайда, қатысушылар барлық аудандар үшін бірыңғай нұсқаулық әзірлеу қажеттігін атап өтті. Бұл залалды заңды түрде құжаттауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, киік популяциясын бақылау және олардың санын реттеу мәселесі Үкімет деңгейінде шешімдер аясында қаралуы тиіс екені айтылды.

Кеңес соңында фермерлерді қолжетімді цифрлық сервистер мен қолдау шаралары туралы ақпараттандыруды күшейту тапсырылды. Басым салалар тізімін кеңейту мен жеңілдетілген несиелеу шарттарын республикалық деңгейде талқылау көзделді.

Алдағы уақытта ауыл шаруашылығы министрлігі мен жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жабайы жануарлар келтірген зиянды өтеу механизмі пысықталмақ. «Кең дала» бағдарламасы шеңберіндегі құралдарды қоса алғанда, аграршылардың қаржыландыруға қолжетімділігін жетілдіру жұмыстары жалғасады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Ас – адамның арқауы

Денсаулық сақтау министрлігі биылғы оқу жылының басынан бастап, еліміздің мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандартын енгізуге дайындық жүргізуде. Жаңа стандарт семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары және басқа да созылмалы аурулардың даму қаупін азайту мақсатында қант пен тұзды тұтынуды азайтуды қоса алғанда, оқушылардың диетасын жақсартуға бағытталған.

Министрлікте мәлімдегендей, тамақтану стандартына сәйкес тамақтануды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың барлығының нақты функциялары анықталды. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті үлгілік мәзірдің 3 нұсқасын әзірлеп, оларды өңірлік денсаулық сақтау басқармаларына жіберді.

«Жергілікті жерлерде ата-аналардан, балалардан және педагогикалық қоғамдастықтан негізделген тілектер болған жағдайда ұсынылған түрдегі немесе өзгерістер енгізе отырып, перспективалық



Сурет шыққ. дереккөзінен

мәзір бекітілуі мүмкін», – деп атап өтті Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев.

Дұрыс тамақтану саласындағы сарапшылардың бағалауы бойынша стандарт талаптарын қатаң сақтау балалардың семіздігін 10-15%-ға, 2 типті қант диабетін 10-20%-ға, артериялық гипертензияны 8-18%-ға және басқа созылмалы ауруларды 5-15%-ға төмендетуге ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақ тамақтану академиясының, Ұлттық салауатты тамақтану орталығының, ЮНИСЕФ-тің, Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының және Санэпидбақылау комитетінің Ұлттық сараптама орталығының мамандарын тарта отырып, оқыту іс-шаралары белсенді жүргізілуде.

Өз тілшімізден

Қарағанды облысы бойынша 2025 жылғы оңтайландыру

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері			Аймақтар		
Барлығы	Жергілікті бюджетті қысқарту	Желтоқсан айына ауыстыру	Барлығы	Жергілікті бюджетті қысқарту	Желтоқсан айына ауыстыру
10 068	4 335	5 733	19 705	8 580	11 125

млн.теңге

Барлығы оңтайландыру сомасы – 12 915 млн теңге

сондай-ақ, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын тізбеде де жоқ. Осыған байланысты, облыстық мәслихат шешіміне өзгерістер енгізіп, жоғарыда аталған дәрі-дәрмектерді қосымша енгізу ұсынылатынын атап айту керек.

Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры 2025 жылы 16 пациентті 1,46 млрд теңге сомасына қамтамасыз еткеніне қарамастан, 2025 жылдан бастап, 10 пациентке арналған дәрілерді сатып алуды тоқтататынын хабарлады. Қор облыс әкімдігіне осы пациенттерді 2025 жылдан бастап – 3 науқасты, 2026 жылдан бастап – барлық 10 науқасты жергілікті бюджет арқылы қамтамасыз етуді ұсынды.

Егер бұл міндет жергілікті деңгейде шешімін таппаса, аталған азаматтардың өміріне қауіп төнуі мүмкін. Осыған орай, мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізіп, көрсетілген дәрілік заттар бойынша қаржы бөлуді қарастыру қажет.

Кадр тапшылығы қайтсе жойылады?

Елімізде және Қарағанды облысында медициналық кадрлар тапшылығын шешу – денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы басым бағыттардың бірі. Ауылдық жерлерде және аудандардың орталықтарында мамандар жетіспеушілігі халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасына теріс әсер етеді. Сондықтан, соңғы жылдары кадрлық тапшылықты азайтуға бағытталған бірқатар заңнамалық және әлеуметтік қолдау шаралары қабылданып, іске асырылуда.

2024 жылы республика көлемінде қабылданған заңнамаға сәйкес, ауылдық жерлерге бес жылға жұмысқа келген дәрігерлерге 100 айлық есептік көрсеткіш (шамамен 8,5 миллион теңге) көлемінде біржолғы көтерме жәрдемақы төленеді. Бұл қаражат ең қажетті мамандықтар – жалпы тәжірибе дәрігерлері, акушер-гинекологтар бар. Биылғы жылы бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылып, 70 жаңа маман тарту жоспарлануда. Сонымен бірге, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жаңа келген медициналық қызметкерлерге тұрғын үй алуға жеңілдетілген несиелер беріледі, бұл да кадрларды тұрақты орналастыруға септігін тигізуде, – деді басқарма басшысы.

Аталған шаралардың нәтижесінде кадр тапшылығын азайтуға оң серпін беріліп, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы артатынына сенім бар. Дегенмен, облыстың қала және аудан орталықтарында да кадр тапшылығы әлі де сақталуда. Сондықтан, облыстық деңгейде әлеуметтік қолдау тетіктерін одан әрі кеңейтіп, нормативтік-құқықтық базаны толықтыру қажеттілігі туындап отыр.

Қарағанды облыстық мәслихатының медициналық қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды жетілдіру туралы шешім қабылдағанын да айта кету керек.

2023 жылғы 18 сәуірде Қарағанды облыстық мәслихаты №33 шешімін қабылдады. Ол облыстағы медицина және фармацевтика қызметкерлеріне арналған әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін айқындайды. Бұл – нормативтік акті медициналық кадрларды тарту және ынталандырудағы маңызды құжат.

Алайда, өңірдегі медици-



налық кадрлар тапшылығын тиімді жою мақсатында, аталған шешімге 2025 жылы өзгерістер енгізу ұсынылды. Осы өзгерістерге сәйкес, қолдау шараларының тізімі кеңейтіліп, ауылдық жерлермен қатар аудан және облыс орталықтарында қызмет ететін

денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған кешенді шаралардың бірі.

Қоршаған ортаға қамқорлық

Экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәсе-

Бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттары

Экономиканың нақты секторы	Әлеуметтік сала
95,3%	4,7%
• кезекте тұрғандар үшін кредиттік және жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу; • жылыту маусымының үздіксіз өтуі үшін іс-шараларды іске асыру; • әуе және жол-көлік инфрақұрылымы объектілерін дамыту; • бизнес объектісіне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу; • әуе және жол-көлік инфрақұрылым объектілерін дамыту; • өнеркәсіптік өндірісті дамыту үшін жарғылық капиталды ұлғайту; • Қазақстанның үздік тауары іс-шарасын өткізу; • базалық ставкаларды есептеу бойынша жер-кадастрлық жұмыстарды жүргізу	• спортты дамыту; • Жұмыспен қамту бағдарламасы аясындағы Жастар практикасы; • білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау объектілерін материалдық-техникалық жарақтандыру және жөндеу жүргізу; • жастар саясаты саласында іс-шаралар өткізу
Табиғи ресурстар • қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде бюджет қаражатын қайта бөлу	

остродефицитті мамандықтарға да әлеуметтік төлемдер мен көтерме жәрдемақылар тағайындалатын болды.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен қабылданған бұл шешім 10 күннен кейін ресми түрде күшіне енді. Бұл өзгерістер – медициналық кадрлар тапшылығын төмендетуге және

оның ішінде табиғи ресурстарды қорғау, су қоймаларын жөндеу және қалдықтарды өңдеу салалары қамтылған. Жоспарға 6 жаңа жоба қосылды. Оның ішінде, Саран қаласындағы канализация желілерін қайта жаңарту, Ақтүм-сық пен Мұхтар су қоймаларын күрделі жөндеуге арналған жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу сынды жұмыстар белсенді жүргізілуде. Сондай-ақ, Нұра өзенін санациялау, ТБО полигонын салу және сорту желісін ұйымдастыру бойынша жұмыстарға да қаржы қаралды. Бұл – жобалар экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды шаралар, – деді басқарма басшысы.

Дерекке сүйенсек, жоспардан 11 жоба алынып тасталған. Оның ішінде, кейбір су қоймаларын жөндеуге арналған жобалар мен кейбір экологиялық мониторинг жұмыстар бар. Бұл қаражат ішкі қайта бөлініп, аса қажетті бағыттарға – гидротехникалық құрылыстарды жөндеуге, орман шаруашылығын дамытуға, рекультивация және санитарлық тазалауға бағытталды.

«Қоршаған ортаны қорғаудағы басты қиындықтардың бірі – бюджет қаржысының тапшылығы. Қазіргі таңда 2,6 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат қажет. Бұл қаржы орман шаруашылығын жетілдіру, Балқаш қаласы маңындағы демалыс жағажайын, Бөртіс шығанағын шөгінді қоқыстардан тазалау жұмыстарына жұмсалады. Мұндай шаралар өңірдің экологиялық жағдайын елеулі түрде жақсартуға мүмкіндік береді», – деп толықтырды басқарма басшысы.

қаралды.

Облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ламбеков облыстық мәслихат алдында Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабы мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдарға сәйкес жеке меншіктегі жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін қайта қарау қажеттігі жайлы баяндады.

– Бұл реттеу мәселесі соңғы рет 2004 жылы Қарағанды облысы әкімдігінің және облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы мен шешімімен бекітілген болатын. Сол кезден бері ауылдық және қала тұрғындарының саны өскен, сондай-ақ, жерді пайдаланудың мақсаттары мен талаптары өзгерді. Соның нәтижесінде жеке меншік жер учаскелерінің көлеміне қатысты шектеулерді жаңарту өзекті мәселе болып отыр, – деді ол.

Басқарма басшысы атап өткендей, қазіргі уақытта жер қатынастары саласында туындаған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ескере отырып, аудан және қала әкімдіктерінің ұсыныстары негізінде жаңа мөлшерлер жобасы әзірленді. Бұл жобадан азаматтардың жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің көлемі нақтылау мен қайта реттеуді талап етеді.

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану және әділ бөлу – біздің басты мақсатымыз. Сондықтан, шекті мөлшерлерді қайта қарап, өңір тұрғындарының қажеттіліктеріне сай бейімдеу аса маңызды», – деп толықтырды Нұрлан Ламбеков.

Осы шаралар жер ресурста-



лері де назардан тыс қалмады. Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев қоршаған ортаны қорғау шараларына енгізілетін өзгерістер мен телемақы мөлшерлемелері жөніндегі шешімнің күшін жою туралы ақпарат берді.

Қарағанды облыс аумағында экология саласында маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. 2025-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспарын қайта қарау аясында қаржыландыру көлемі мен мерзімдері реттеліп, кейбір жобалар алынып тасталып, жаңалары енгізілді.

Өңірдің қоршаған ортасын қорғау үшін 3 жылға 39,5 млрд теңге бөлінген.

– 2025 жылға арналған түзетілген жоспарға 82 іс-шара енген,

Сонымен қатар, жоспарға өңірдің басқа да аудандарын қамтитын жобалар қосылып, мысалы, Абай ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен сұрыптау бойынша контейнерлер орнатуға қаражат бөлінді.

Қарағанды облыстық мәслихаты бұл түзетілген жоспарды қолдап, бекіткеннен кейін экологиялық жобалардың сапалы орындалуына және қаржыны тиімді жұмсауға баса назар аударылады. Бұл шаралар облыстың экологиялық ахуалын жақсартып, тұрғындардың денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Жер учаскелерінің шекті мөлшері

Кезекті сессияда азаматтардың жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті мөлшерін белгілеу мәселелері де

рын заңды түрде реттеп, азаматтардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ, жер қатынастарындағы құқықтық тәртіпті нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл өңірдің тұрақты дамуына және ауылдық жерлердің әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етеді деп күтілуде.

Сессияның қорытындысында сессия төрағасы Нұркен Кобжанов бүгінгі қабылданған шешімдердің әрі қарай іске асырылу барысы облыстық мәслихаттың тұрақты бақылауында болатынын айтты. Осылайша, ол міндетті түрде қабылданған шешімдердің орындалуы мен олардың жауапкершілік деңгейінің жоғары болуына баса назар аударылатынын да айрықша атап көрсетті.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

